

ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ  
С.Д.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ

*Кафедра: Балалар стоматологиясы, стоматологиялық аурулардың  
алдын алу және ортодонтия.*

# СӨЖ

**ТАҚЫРЫБЫ:** Балалардағы бет – жақ аймағындағы ауытқуларды  
емдеуде миогимнастикасы.

**Қабылдаған:** Кулманбетов Р.И.

**Факультет:** Стоматология

**Курс:** IV

**Топ:** СТ – 08 – 003 – 3

**Орындаған:** Жумаханов С.М.

**Алматы – 2011**

# ЖОСПАРЫ:

- ◎ **Кіріспе.**
- ◎ **Миогимнастиканың негізгі принциптері.**
- ◎ **Прогнатиялық, терең, прогениялық, ашық, айқас тістем түрлерін емдеудегі миогимнастикалық жаттығулар кешені.**
- ◎ **Қорытынды.**
- ◎ **Қолданылған әдебиеттер.**

## **КІРІСПЕ:**

- ◎ **Миогимнастика – синергист және антагонист бұлшықеттердің қалпына келуіне бағытталған бұлшықеттер жаттығуы. Емдік миогимнастика жеке терапиялық әдіс және ортодонтиялық емдік кешенінің құрамдас бөлігі ретінде емшарамен бірге немесе рецидивтің алдын алу мақсатында емдеу аяқталғаннан кейін де тағайындалуы мүмкін. Миогимнастиканың ең нәтижелі кезеңі ретінде қалыптасқан уақытша тістем кезеңін айтуға болады. Яғни 4 – 7 жас аралығы. Емдік шаралар белгілі аппараттармен де жүргізіледі.**

# **МИОГИМНАСТИКАНЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ:**

- ◎ **Бұлшықеттердің жиырылуы максимальді амплитудада болуы тиіс.**
- ◎ **Бұлшықеттердің жиырылу қарқыны физиологиялық деңгейде.**
- ◎ **Жиырылу жылдамдығы мен ұзақтығы көбейтіліп отыруы керек.**
- ◎ **Екі жиырылудың арасында бір жиырылудың ұзақтығындай кідіру қажет.**
- ◎ **Жаттығулар жергілікті шаршау сезімі пайда болғанша бірнеше рет қайталанады.**
- ◎ **Миогимнастика 4 – 7 жас аралығындағы балалар арасында жасалады.**

## **ПРОГНАТИЯЛЫҚ ТІСТЕМДІ ЕМДЕУДЕГІ МИОГИМНАСТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР КЕШЕНІ:**

- ⊙ Төменгі жақ сүйекті төменгі күрек тістердің кесу қыры жоғарғы күрек тістердің кесу қырының алдына шыққанша жай қозғалтып, 10 секунд ұстап тұру. Сосын қайтадан бастапқы қалпына келтіру.**
- ⊙ Осы жаттығуды басты оңға және солға қозғалта отырып жасау. Тік тұрып, басты шалқайтып жасағанда қиындайды.**
- ⊙ Ауыз кіреберісіне вестибулярлы пластинка қойылады. Жұмылған еріндермен пластинканы ұстай отырып, оң қолмен пластинка сақинасын тарту керек.**

- ◎ Бүктелген қағазды 30 – 50 минут бойы еріндермен қысып ұстап тұру.
- ◎ Жоғарыдағы жаттығуды қағаздың орнына диаметрі 2,5 – 3 см, қалыңдығы 1,5 мм, салмағы 6,5 г болатын металл дискімен алмастырып орындау.
- ◎ Қалыңдығы 1 – 2 мм, ені 30 – 35 мм, ұзындығы 60 – 120 мм болатын пластмасса пластинканы көлденең бағытта ернімен қысып ұстау. Пластинкаға қойылған жүк еріндердің қаттырақ жиырылуын талап етеді.
- ◎ Өтпелі қатпарға мақтадан жасалған валиктер қойылады және еріндік дыбыстары бар сөздер айтылады.

## **ТЕРЕҢ ТІСТЕМДІ ЕМДЕУДЕГІ МИОГИМНАСТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР КЕШЕНІ:**

- ◎ **Төменгі жақ сүйекті төменгі күрек тістердің кесу қыры жоғарғы күрек тістердің кесу қырының алдына шыққанша жай қозғалтып, 10 секунд ұстап тұру. Сосын қайтадан бастапқы қалпына келтіру.**
- ◎ **Ағаш таяқшаға резеңке түтік кигізіп алдыңғы тістер арлығына қойылады. Тістерді ашып – жұмып жаттығу жасайды.**

## **ПРОГЕНИЯЛЫҚ ТІСТЕМДІ ЕМДЕУДЕГІ МИОГИМНАСТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР КЕШЕНІ:**

- ◎ Тіл ұшымен алдыңғы тістердің таңдай бетіне бұлшықеттер шаршағанша қысым көрсету 3 – 5 минут.**
- ◎ Шалқайып жатып ауызды ашып – жабу. Жапқан кезде тіл ұшын қатты таңдайдың артқы жиегіне тигізу.**
- ◎ Жоғарғы алдыңғы тістермен төменгі ерінді қысып ұстап тұру, артынан жіберу.**
- ◎ Ауызды ашу, жай жауып жатқан уақытта төменгі жақ сүйекті артқа жылжыту. 4 – 8 секунд ұстап тұру.**

- ◎ **Тіс қатарларының арасына ағаш шпатель қойылады. Таңдай бетіне күш түсетіндей тістеу. Сонда күштің бағыты жоғарғы тістердің вестибулярлы бағытқа, төменгі тістердің тілдік бағытқа ығысуына әсер етеді.**

# АШЫҚ ТІСТЕМДІ ЕМДЕУДЕГІ МИОГИМНАСТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР КЕШЕНІ:

- ◎ **Жоғарғы жақ сүйекті көтеруге  
бағытталған жаттығулар кешені.**

## **АЙҚАС ТІСТЕМДІ ЕМДЕУДЕГІ МИОГИМНАСТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР КЕШЕНІ:**

- ◎ Төменгі жақ сүйектің шетке ығысуында. Ауызды максимальді ашу, төменгі жақ сүйекті дұрыс бағытта ұстау, тістерді түйістіріп 4 – 5 секунд ұстап тұру.**
- ◎ Жоғарғы жақ сүйектің бір бағытта тарылуында. Тіл ұшымен бірнеше минут тарылу аймағында тістердің таңдай бетіне және альвеола өсіндісіне қысым көрсету**

## **ҚОРЫТЫНДЫ:**

- ◎ **Гимнастикалық жаттығуларға жауапкершілік ата – аналарға, тәрбиешілерге немесе медициналық персоналға артылады. Жаттығулардың ортодонтиялық емдік кешеніндегі алатын өзіндік орны бар.**

## ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- «Руководство по ортодонтии», Ф.Я. Хорошилкина, Москва 1999, 610 – 618 беттер.
- «Основы ортодонтии», В.А.Дистель, Москва 2001, 78 – 90 беттер.
- «Ортодонтия», П.С.Флис, 182 – 183 беттер.